

**ӘОЖ 336.71
ҒТАМР 06.73.55**

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІ

А.М. Карипова¹, Г.Ш. Усбанова¹

¹М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Белгілі бір кәсіпкерлік іс тәуекелмен байланысты, әсіресе банктер үшін тәуекелді басқарудың маңызы үлкен болып табылады. Өйткені, банктер нарықтағы конъюнктуралық өзгерістерді бірден қабылдайтын сегмент, сол себептен ұсынылып отырған жұмыс тақырыбы осы мәселені зерттеуге арналады және жұмыста қаржылық тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз ету іс шаралары жан – жақты ғылыми жолмен зерттелініп, оның ерекшеліктерімен жетіспеушіліктері айқындалады.

Қазіргі заманғы экономикада тәуекелдер саласы біршама жаңа әрі іс жүзінде зерттелмеген сала болып табылады. Қазақстан Республикасының банктік жүйесі – нарықтық экономиканың елеулі орны болып саналады, сондай – ақ банк жүйесінде пайда болатын қаржылық – банктік құқықтық қатынастар және туындап жатқан тәуекелдер банк жүйесінің негізгі бөлігін құрайды. Тәуекелділік жағдайында шешімдер қабылдау кезінде қолданылатын нақты әдістер мен тәсілдер банктің қызметі түрінде, қойылған мақсаттарға жету стратегиясына тәуелді болады.

Қаржы тәуекелдерді басқару процесін іске асыру үшін оған сәйкес тиісті жүйе қажет. Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесі несиелік – депозиттік саясаты шеңберінде, коммерциялық банктің қойылған мақсаттарын қамтамасыз етуі тиіс.

Түйінді сөздер: тәуекел, қаржылық тәуекел, тәуекелді төмендету, тәуекел менеджмент, несиелік ресурстар, тәуекелдерді басқару.

ПРОЦЕСС УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСОВЫМИ РИСКАМИ В КОММЕРЧЕСКОМ БАНКЕ

Карипова А.М.¹, Усбанова Г.Ш.¹

¹СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Определенная предпринимательская деятельность связана с риском, особенно для банков, имеет большое значение для управления рисками. Так как банки сразу принимают конъюнктурные изменения на рынке. Поэтому предлагаемая тема работы посвящена исследованию данной проблемы и всесторонне изучение мероприятий по обеспечению минимизации финансовых рисков.

В современной экономике сфера рисков является относительно новой и практически не изученной отраслью. Банковская система Республики Казахстан является значительным местом рыночной экономики, а также финансово – банковские правоотношения и возникающие риски, возникающие в банковской системе, составляют основную часть банковской системы. Конкретные методы и способы, применяемые при принятии решений в условиях риска, будут зависеть от стратегии достижения поставленных целей в виде деятельности банка.

Для реализации процесса управления финансовыми рисками необходима соответствующая система. Система управления финансовыми рисками должна обеспечивать поставленные цели коммерческого банка в рамках кредитно – депозитной политики.

Ключевые слова: риск, финансовый риск, снижение риска, риск – менеджмент, кредитные ресурсы, управление рисками.

THE PROCESS OF FINANCIAL RISK MANAGEMENT IN COMMERCIAL BANK

A. Karipova¹, G. Usbanova¹

¹NKSU named after M. Kozymbaev, Petropavlovsk, Kazakhstan

Abstract

Certain business activities involving risk, especially for banks, have importance for risk management. As banks take from short – term changes in the market. Therefore, the proposed theme of the work is devoted to the

study of this problem and gives comprehensive analysis of measures to ensure the minimization of financial risks.

In the modern economy, the sphere of risk is a relatively new and almost unexplored industry. The banking system of the Republic of Kazakhstan is a significant part of the market economy, as well as financial and banking legal relations and emerging risks arising in the banking system constitute the main part of the banking system. The specific methods and techniques used in decision – making in the context of risk will depend on the strategy of achieving the goals in the form of the Bank's activities.

An appropriate system is needed to implement the financial risk management process. The financial risk management system should ensure the objectives of the commercial Bank within the framework of the credit and Deposit policy.

Key words: risk, financial risk, risk reduction, risk management, credit resources, risk management.

Кіріспе

Тәуелсіздік жылдарында отандық банктер отандық экономикалық жүйенің ажырамас бөлігіне айналған, оның қызмет атқаруын қамтамасыз ететін және оның нарық жағдайында дамуын ынталандыратын жетілдірілген қаржы жүйесін қалыптастырды [1]. Отандық банктерге қолдау жасай отырып, мемлекет олардың ішкі экономика мен нақты секторды несиелеу көлемін сақтайтындықтарына, атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруларына және ипотекалық несиелеу бойынша қолайлы жағдайды белгілейтіндіктеріне сенім артуда. Қазіргі заманғы экономикада тәуекелдер саласы біршама жаңа әрі іс жүзінде зерттелмеген сала болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының банктік жүйесі – нарықтық экономиканың елеулі орны болып саналады, сондай – ақ банк жүйесінде пайда болатын қаржылық – банктік құқықтық қатынастар және туындап жатқан тәуекелдер банк жүйесінің негізгі бөлігін құрайды.

Профессор А.Г. Грязнованың редакциялауымен шығарылған қаржы – несиелеу энциклопедиялық сөздігінде тәуекел ұғымының бірнеше түрі бары екені атап өтілген (ағылшынша risk, фр. risque, ит. risico – грек тіліндегі riskon – құз: бастапқыда «тәуекелге бас тігу» – жартастың ортасында жан сақтау) күтпеген ысырап, шығынның пайда болуы, жоспарланған нұсқамен салыстырғанда кірісті, пайданы толықтай алмау қаупі [3, б. 78–83].

Альгин А.П. «Тәуекел – сәтсіздік пен мақсаттан ауытқудың болжанған нәтижесіне жетудің ықтималдығының сапасы мен санын бағалау мүмкіндігі бар еріксіз таңдау жасаған белгісіздікті ескерумен байланысты қызмет» деп санайды [4, б. 86–92].

Тәуекелділік жағдайында шешімдер қабылдау кезінде қолданылатын нақты әдістер мен тәсілдер банктің қызметі түрінде, қойылған мақсаттарға жету стратегиясына тәуелді болады. Сонымен бірге, тәуекелді басқару теориясы мен тәжірибесімен тәуекелді талдау барысында басшылыққа алынатын негізқалаушы қағидаттар орнатылған. Біріншіден, меншік капиталдың мөлшерінің мүмкіндігінше тәуекел етуге болады, екіншіден, азшылық үшін көпшілікпен тәуекелге баруға болмайды.

Тәуекелді төмендету – тәуекелді жағдайдың болу ықтималдығын және мүмкін жолғаулар көлемін азайту. Тәуекелді басқару әдісін таңдау кезінде тәуекел түрі бойынша максималды мүмкін болатын шығысты есептеу, оны тәуекелге ұшырауы мүмкін капитал көлемімен сәйкестендіріп, барлық мүмкін шығысты меншікті қаржылық ресурстар көлемімен салыстыру қажет [5, б. 56–70].

Зерттеу әдістері

Қаржы тәуекелдерді басқару процесін іске асыру үшін оған сәйкес тиісті жүйе қажет. Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесі несиелік–депозиттік саясаты шеңберінде, коммерциялық банктің қойылған мақсаттарын қамтамасыз етуі тиіс.




Сурет 1 Қаржылық тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз ететін іс-шаралар

Бұл ретте, банктің табысты жұмыс істеуі оның қаншалықты қаржы тәуекелдерін төмендету бойынша іс – шараларды әзірлеу саясатына байланысты. Екінші жағынан, мұндай жүйе қоршаған нарықтық ортаның конъюнктуралық ауытқуына тиісті ден қою ықтимал болуы керек. Осыған байланысты, қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесінің табыстылығын арттыру, сондай – ақ оның мүмкіндіктерін кеңейту тек осы жүйенің жетілдіруі кезінде ғана қолжетімді болады.

Жүргізілген зерттеу басқарушылық шешімдер процедураларын нақтылай қабылдау мүмкіндігін берді, оның негізінде қаржылық тәуекелдерді басқару үдерісі шеңберінде банк басшылығы құрылымдық бөлімшелерін құрады, сондай-ақ негізгі банктік тәуекелдерді бағалау әдістерін және оған қарсы әрекет әдістерін нақтылады.

Зерттеу нәтижелері

Несиелік операцияларды жүргізу кезінде қаржылық тәуекелдерді басқару рәсімдерін реттейтін процесінде, банктік ағымдағы жылдың тәуекелдік саясатын әзірлеуден бастап, несиелік шарттар бойынша деректерді мұрағатқа тапсыру дайындығымен аяқтайтын екі фаза белгіленген: тәуекелдерді басқару бастапқы фаза және белсенді фаза (2 Сурет). Несиелік операцияларды жүргізу кезінде коммерциялық банктің тәуекел – менеджмент бөлімшелердің алдында тұрған, фазаларының бөлуі міндеттердің тізбесін және кезектілігін нақтылау мақсатында өндіріледі [6, б. 94 –106].



Сурет 2 Қаржы тәуекелдерді басқару процесі

Бастапқы фазада тәуекелдерді басқару кезінде дербестендірілмеген қарыз алушылардың әдіснамалық база әзірленеді, ал белсенді фаза басқармасы нақты экономикалық субъектілерге қатысты әдіснамалық база деректері қолданылады. Осылайша, бастапқы фазаның мәні несиелік операцияларды іс жүзінде жүргізу кезінде коммерциялық банкпен пайдаланылатын және әмбебап болып табылатын, яғни қарыз алушылар жеке ерекшеліктерін ескермейтін, әдіснамалық базасын құру болып табылады. Белсенді фазаның мәні – әрбір нақты қарыз алушыға қатысты іс жүзінде әзірленген әдіснамалық қамтамасыз етуді қолдану.

Бастапқы фазаның қаржы тәуекелдерді басқару процесінің келесі кезеңі тәуекелдерді бағалау әдістерін таңдау және оларға қарсы іс – қимыл болып табылады. Тәуекелдерге қарсы іс – қимыл үшін, әдетте, іске асыру уақыты және жан – жақты қолдану дәрежесі бойынша жіктелетін әдістер пайдаланылады.

Бастапқы фазаның қорытынды кезеңіне тәуекелдік стратегиясын түзету кезеңі жатады. Оның мәні тиісті тандалған тәуекелдік стратегиясын тексеруінде және белсенді фазада басқару процесінің тәжірибиеде қолданылуында көрсетіледі. Осылайша, аталған кезең әдіснамалық қамтамасыз етуді әзірлеуді және оны банк ағымдағы қызметінде қолдану арасындағы кері байланыс қамтамасыз етеді.

Келесіде басқару процесінің белсенді фазасы басталып, бірінші – несиелік шартын дайындау кезінде тәуекелдерді бағалау кезеңі болып шығады. Бұл кезең нақты несиелік шартын әзірлеу кезінде тәуекелдерді бағалауды көздейді. Тәуекелдерді бағалау әлеуетті қарыз алушының төлем қабілеттілігінің бес аспектілері бойынша

талдау негізінде жүргізіледі – салалық, қаржылық, басқарушылық, тарихи және несиелік сапасын қамтамасыз ету аспектісі.

Қаржылық тәуекелдерді басқару процесінің қорытынды кезеңі несиелік шартын орындау барысында тәуекелдерді бағалау кезеңі болып табылады. Оның мәні – несиелік төлемдерді жасамаудың тиісті алдын алу мақсатында, таңдалған аспектілерін ескере отырып, тұрақты негізде қарыз алушының мониторингі.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінің қадамдық мысал ретінде келесі жағдайды қарастырайық. Коммерциялық банк нарықта өзінің келуін кеңейту және несиелік портфелін арттыру мақсатында агрессивті тәуекел стратегиясын таңдап (тәуекел стратегиясын нақты таңдау кезеңі), бірінші кезекте – несиелік тәуекелмен өз жұмысында соқтығысуы мүмкін болатын ықтимал тәуекелдер спектрін анықтайды (сәйкестендіру және тәуекелдерді талдау кезеңі). Кейін банк тәуекелдер деректерінің сандық өлшеу тәсілін анықтайды, мысалы, таңдалған агрессивті тәуекелдік стратегиясын ескере отырып, барлық берілген несиелердің 10% – ның 90% – ы өтелмеу ықтималдылығымен есептейді, бұл, меншікті капиталының 30% – ға қысқартуын әкеледі (сандық тәуекелдерді бағалау кезеңі).

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында тәуекелдерді басқару жүйесі әсіресе маңызды болып табылады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, банк үшін тәуекелді басқару ең маңызды мәселелердің бірі болып келеді. Өйткені кез – келген банктің қалыптасу процесінен бастап бүкіл қызмет ету уақытында банктің іс – әрекеті көптеген тәуекелдерге тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан банктің болашақта банкроттыққа ұшырауы немесе ұшырамауы банктің тәуекелді басқаруымен байланысты.

Әдебиет:

1. «Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпанғы № 29 қаулысы.
2. «Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде есептік ақпараты қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 102 бұйрығы.
3. Волков А.А.
http://lib.nkzu.kz/CGI/irbis64r_01/cgiirbis_64.exe?Z21ID=&I21DBN=KNIGI&P21DBN=KNIGI&S21STN=1&S21REF=1&S21FMT=fullwebr&C21COM=S&S21CNR=20&S21P01=0&S21P02=0&S21P03=M=&S21STR=Управление рисками в коммерческом банке / А.А. Волков. М.: Омега-Л, 2014. – 156 с.
4. Банковские риски: учебное пособие / ред.: О. И. Лаврушин, Н. И. Валентинцева. 2-е изд. М.: Кнорус, 2015. – 232 с.
5. Кабушкин С.Н.
http://lib.nkzu.kz/CGI/irbis64r_01/cgiirbis_64.exe?Z21ID=&I21DBN=KNIGI&P21DBN=KNIGI&S21STN=1&S21REF=1&S21FMT=fullwebr&C21COM=S&S21CNR=20&S21P01=0&S21P02=0&S21P03=M=&S21STR=Управление банковским кредитным риском: учебное пособие / С.Н. Кабушкин. М.: Новое знание, 2014. – 336 с.
6. Шелекбай Ә.
http://lib.nkzu.kz/CGI/irbis64r_01/cgiirbis_64.exe?Z21ID=&I21DBN=KNIGI&P21DBN=KNIGI&S21STN=1&S21REF=1&S21FMT=fullwebr&C21COM=S&S21CNR=20&S21P01=0&S21P02=0&S21P03=M=&S21STR=Банк ісіндегі тәуекел – менеджмент: оқу құралы – Ә. Шелекбай, Н. Әлмерек. Алматы: Экономика, 2014. – 208 б.